



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ:
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**
әдістемелік ұсынымы

Орал – 2023 жыл

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ:
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
әдістемелік ұсынымы**

Орал - 2023ж.

Батыс Қазақстан облыс Білім басқармасының
Білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып,
облыс педагогтеріне таратуға ұсынылады
Хаттама №3, 31.08.2023 жыл

Құрастырушы: **Д.Т.Кудашева, С.Х.Сиражева,**
БҚО Білім басқармасының әдістемелік орталығының
мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша әдіскерлері

Рецензенттер: **Г.К.Джонисова,** Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университетінің қауымдастырылған
профессоры, п.ғ.к.
Ж.М.Нарикова, БҚО Білім басқармасының әдістемелік
орталығының білім беру менеджменті және сапасын
басқару бөлімінің басшысы, педагог-шебер

Бұл әдістемелік ұсыным педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми-әдістемелік негіздерді қамтиды. Ұсынымда мектепке дейінгі ұйымдар мен білім беру мекемелеріндегі әдістемелік қызметтің мазмұны, құрылымы, негізгі бағыттары мен ұйымдастыру тетіктері жан-жақты талданады.

Материалда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, әдістемелік жұмысты жоспарлау, инновациялық технологияларды енгізу, шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру, тәжірибе алмасу алаңдарын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілген. Сонымен қатар әдістемелік қызметті бағалау, мониторинг жүргізу, педагогикалық қолдаудың тиімді формалары мен әдістері қарастырылған.

Ұсыным білім беру саласындағы мамандарға, әдіскерлерге, балабақша және мектеп педагогтеріне, басшылық құрамға әдістемелік жұмысты дұрыс ұйымдастыруға бағыт-бағдар беретін практикалық көмекші құрал ретінде ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Аналитикалық бөлімі	
1.1. Әдістемелік қызметтің теориялық негіздері.....	5-9
1.2. Әдістемелік қызмет мазмұны, құрылымы мен ұйымдастыру бағыттары.....	9-11
1.3. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тетіктері.....	11-13
1.4. Мониторинг және бағалау жүйесі.....	13-15
2 .Практикалық бөлімі	
2.1. Әдістемелік іс-шаралардың түрлері.....	15-17
2.2. Заманауи форматтағы әдістемелік жұмыс түрлері.....	17-20
2.3. Әдістемелік іс-шараларды жоспарлау және бағалау критерийлері.....	20-23
2.4. Әдістемелік кеңесті өткізуге арналған ұсынымдар.....	23-24
2.5. Педагогикалық кеңесті өткізуге арналған ұсынымдар.....	25-26
2.6. Семинар және семинар-практикумдарды өткізуге арналған ұсынымдар.....	26-28
2.7. Педагогикалық шеберлік сыныптарын өткізуге арналған ұсынымдар.....	28-30
2.8. Дөңгелек үстел, пікірталас, ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуге әдістемелік ұсынымдар.....	30-32
2.9. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуге әдістемелік ұсынымдар.....	33-34
2.10. Әдістемелік көрмелер мен байқауларды өткізуге әдістемелік ұсынымдар.....	34-36
2.11. Педагогикалық коучинг өткізуге әдістемелік ұсынымдар.....	36-38
2.12. Педагогикалық хакатон және идеялар лабораториясын өткізуге әдістемелік ұсынымдар.....	38-41
2.13. Практикалық шеберханалар (workshop) және кәсіби шеберлік алаңдарын өткізуге әдістемелік ұсынымдар.....	41-43
2.14. Шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	43-45
Қорытынды	46
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47
Қосымшалар	48-85

КІРІСПЕ

Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру кеңістігі тәрбиелеу мен оқыту процесін жетілдіруді, білім мазмұнын жаңартуды және педагогикалық тәжірибеге инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуын сапалы ұйымдастыру, олардың әлеуетін ашу және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруда әдістемелік қызметтің рөлі айрықша. Заманауи педагогке қойылатын талаптар күн сайын артып келеді. Баланың жас ерекшелігіне сәйкес дамыту әдістерін меңгеру, кәсіби құзыреттілік, шығармашылық ізденіс, жаңа технологияларды қолдану және отбасымен бірлескен жұмысты жолға қою — педагог кәсібінің маңызды бөлігі. Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыс жүйелі, ғылыми негізделген және нақты нәтижеге бағытталған түрде ұйымдастырылуы тиіс.

Әдістемелік қызмет – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберлігін арттыруға, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, мемлекеттік стандарттар мен жаңартылған бағдарламаларды тиімді іске асыруға бағытталған кешенді жұмыс. Бұл қызмет педагогтердің тәжірибе алмасуын, жаңа идеяларды енгізуін, кәсіби қауымдастық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Бұл әдістемелік ұсыным білім беру ұйымдарында әдістемелік қызметті тиімді жоспарлау мен жүзеге асырудың мазмұнын ашуға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, жаңашыл идеяларды қолдауға және білім сапасын арттыруға бағытталған практикалық құрал ретінде әзірленді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарындағы әдістемелік қызметтің мазмұнын, құрылымын және ұйымдастыру жолдарын айқындау арқылы педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау, инновациялық тәжірибені тиімді енгізу және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері:

- әдістемелік қызметтің теориялық негіздерін ашу, мазмұнын жүйелеу;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен технологияларды ұсыну;
- әдістемелік жұмыстың формалары мен бағыттарын нақтылау, педагогикалық мониторинг пен бағалау тетіктерін ұсыну;
- тәжірибе алмасу, шығармашылық топтар, семинарлар, коучинг, шеберлік сабақтарын ұйымдастыру жолдарын көрсету;
- озық тәжірибені жинақтау, талдау және тарату.

Күтілетін нәтиже: Ұсынымды қолдану нәтижесінде:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуеті артады;
- әдістемелік қызметті жүйелі ұйымдастыру бағыты нақтыланады, кәсіби серіктестік күшейеді;
- оқу-тәрбие процесіне инновациялық тәжірибелер енгізіліп, сапалық көрсеткіштері жақсарады, педагогтер заманауи технологияларды тиімді қолдана алады;
- тәжірибе алмасу платформалары дамып,
- мониторинг пен кері байланыс нәтижелерін талдау арқылы білім сапасын арттыруға нақты шешімдер қабылданады.

1. Аналитикалық бөлім

1.1. Әдістемелік қызметтің теориялық негіздері

Әдістемелік қызметтің ғылыми негіздері

Білім беру саласының сапасын арттыру педагогтің кәсіптік деңгейімен және әдістемелік қолдаудың тиімді жүйесімен тікелей байланысты. Қазіргі инновациялық қоғам педагог кадрларға жаңа талаптар қояды: кәсіби ойлауы, әдістемелік мәдениеті, ақпараттық сауаттылығы, зерттеушілік қабілеті, оқыту технологияларын меңгеруі жоғары деңгейде болуы тиіс. Сол себепті білім беру ұйымдарында әдістемелік қызметті ұйымдастыру – педагогтің кәсіби дамуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі. Әдістемелік қызметтің теориялық негіздері оны жоспарлы, жүйелі, ғылыми-әдістемелік тұрғыда ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қызметтің педагогика ғылымындағы орны

Педагогика ғылымы білім беру үдерісін зерттеумен қатар, педагогтің кәсіби іс-әрекетін дамытудың ғылыми тәсілдерін қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, әдістемелік қызмет педагогика ғылымының тәжірибеде қолданылатын бөлігі ретінде қарастырылады. Яғни, ғылыми идеялар әдістемелік жұмыс арқылы практикаға енеді.

Педагогикалық ғылыми зерттеулер көрсеткендей, білім сапасының артуы тек оқу бағдарламалары мен материалдық базаға байланысты емес, педагогтің кәсіби деңгейі мен әдістемелік дайындық дәрежесіне тікелей тәуелді. Сондықтан әдістемелік қызмет ғылыми негізде ұйымдастырылғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әдістемелік қызметтің теориялық тұғыры

Әдістемелік жұмыс педагогика ғылымының теорияларына негізделеді. Оның ішінде:

➤ Тұлғалық-бағдарланған оқыту теориясы

Бұл теория бойынша білім тәрбиеленуші – педагогикалық үдерістің негізгі субъектісі. Педагог оқытуды баланың жеке ерекшелігіне, қабілетіне, қажеттілігіне қарай ұйымдастыруы тиіс. Әдістемелік қызмет осы бағытта педагогке қажетті әдістерді үйретеді, оқыту технологияларын таңдауға бағыт береді.

➤ Құзыреттілікке бағытталған тәсіл

Бүгінгі таңда білім тек теориялық ақпарат берумен шектелмейді. Бала өмірде қолдана алатын дағды қалыптастыруы керек. Осыған байланысты педагогтің өзіндегі кәсіби құзыреттіліктер де дамуда: зерттеушілік, ақпараттық, коммуникативтік, жобалық. Әдістемелік қызмет осы құзыреттіліктерді қалыптастыру механизмі қызметін атқарады.

➤ Әрекеттік тәсіл

Оқыту әрекет арқылы жүзеге асады. Тәрбиеленуші да, педагог те үздіксіз әрекет, талдау, рефлексия барысында дамиды. Әдістемелік қызмет педагогтің әрекетін ұйымдастыруды, шеберлік сыныбы, коучинг, зерттеу сабақтары сияқты практикалық процестерді қамтиды.

➤ Дамыта оқыту теориясы

Бұл теория тәрбиеленушінің танымдық қабілетін дамытуға бағытталған. Әдістемелік жұмыс педагогке баланың ойлау, талдау, салыстыру, өзіндік пікір білдіру дағдыларын дамыту әдістерін үйретуге ықпал етеді.

➤ **Ынтымақтастық педагогикасы**

Педагогикалық ұжымда кәсіби қарым-қатынас, бір-бірінен үйрену, тәжірибе алмасу мәдениеті дамыса, білім сапасы да көтеріледі. Әдістемелік қызмет осы ынтымақтастықты қалыптастыратын орта болып саналады.

Бұл теориялар әдістемелік жұмыстың мазмұнын анықтап қана қоймай, педагогикалық үдерістегі негізгі міндеттерді айқындайды. Құзыреттілік тәсілі педагогтің тек білім беруші ғана емес, кеңесші, бағыт-бағдар беруші, тренер ретінде жұмыс істеуін талап етеді. Яғни, әдістемелік жұмыс педагогтің кәсіби «өсу траекториясын» қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қызметтің негізгі қағидалары

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру белгілі бір дидактикалық және педагогикалық қағидаларға сүйенеді. Олар:

Жүйелілік қағидасы – әдістемелік қызмет үздіксіз жүргізіліп, жоспар, талдау, мониторинг қамтылуы тиіс.

Ғылымилық қағидасы – әдістемелік ұсыныстар ғылыми зерттеулерге, заманауи педагогикалық әдістемелерге негізделуі керек.

Тұлғалық бағыттылығы – әр педагогтің жеке мүмкіндігі, тәжірибесі, кәсіби сұранысы ескеріледі.

Инновациялық бағыт – жаңа технологияларды іздеу, сынақтан өткізу, енгізу жұмыстары жүреді.

Практикалық нәтижелілік – әдістемелік қызмет нақты нәтиже беруге, оқу сапасын жақсартуға бағытталуы қажет.

Осы қағидалардың сақталуы әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттырады, педагогтердің қызығушылығын күшейтеді, кәсіби жауапкершілікті қалыптастырады.

Әдістемелік қызмет ұғымы, мақсаты және міндеттері

Әдістемелік қызмет – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жетілдіруге бағытталған, ғылыми және практикалық әрекеттердің кешенді жүйесі. Бұл қызметтің мазмұны педагогикалық тәжірибені саралау, жаңа технологияларды ендіру, кәсіби шеберлікті дамыту, педагогикалық ресурстарды тиімді пайдалану сияқты бағыттарды қамтиды. Яғни, әдістемелік қызмет тек білім беруді әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу емес, сонымен бірге инновациялық мәдениет қалыптастыру, педагог тұлғасын дамыту, кәсіби қолдау көрсету міндетін атқарады.

Әдістемелік қызметтің негізгі мақсаты – білім беру сапасын арттыруға бағытталған кәсіби әрекетті ғылыми-әдістемелік тұрғыда қолдау. Бұл мақсат бірнеше міндеттер арқылы жүзеге асады. Біріншіден, педагогтердің кәсіби өсуіне жағдай жасау, олардың білімін жаңарту және жаңа әдістемелерді меңгерту. Екіншіден, педагогикалық қауымдастықта тәжірибе алмасу, шығармашылық ізденісті дамыту. Үшіншіден, педагогтің өздігінен білім алуына, рефлексия жүргізуіне және кәсіби бағдарын айқындауына ықпал ету. Сондай-ақ әдістемелік қызмет білім беру стандартына сәйкестікті қадағалау,

оқу процесін талдау, тиімді жоспарлау, мониторинг жүргізу міндеттерін де атқарады.

Әдістемелік жұмыстың құрылымы жоспарлау, ұйымдастыру, талдау және кері байланыс кезеңдерінен тұрады. Егер бұл жүйе бірізді, мақсатты түрде іске асса, педагог кадрлардың кәсіби шеберлігі артып, оқу-тәрбие үдерісінің сапасы жоғарылайды.

Әдістемелік қызметтің заманауи білім беру жүйесіндегі рөлі

Білім беру кеңістігі күн сайын өзгеріп, жаңа талаптар мен стандарттар қалыптасуда. Цифрландыру, инклюзивті білім беру, құзыреттілікке негізделген оқыту, тұлғалық даму, саралап оқыту сияқты бағыттар педагогтен кәсіби жаңашылдықты қажет етеді. Осындай жағдайда әдістемелік қызмет – педагогке бағыт-бағдар беретін қолдау орталығы.

Заманауи білім беру жүйесінде әдістемелік қызметтің атқаратын рөлі бірнеше функциямен ерекшеленеді. Біріншісі – ақпараттық-әдістемелік функция. Педагог жаңа бағдарламалармен, нұсқаулықтармен, нормативтік құжаттармен танысып, оларды тәжірибеде қолдану жолдарын меңгереді. Екіншісі – ұйымдастырушылық функция. Бұл бағыт бойынша семинарлар, тренингтер, шығармашылық топ отырыстары, шеберлік сыныптары, панорамалық сабақтар, педагогикалық кеңестер өткізіледі. Үшіншісі – диагностикалық функция. Педагог қызметі талданып, мониторинг жүргізіліп, кемшіліктер анықталады және түзету жұмыстары жасалады. Төртіншісі – инновациялық функция. Жаңашыл педагогтердің тәжірибесін тарату, цифрлық білім ресурстарын қолдану, STEM, жобалық және зерттеушілік оқыту технологияларын енгізу – әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарының бірі.

Қазіргі әдістемелік орта педагогті дәстүрлі оқытушыдан зерттеуші, кеңесші, фасилитатор, тәлімгер рөліне көшіреді. Терең ғылыми-әдістемелік тұрғыда құрылған жұмыс педагогтің кәсіби жол картасын жасауға, жеке даму траекториясын айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан әдістемелік қызмет заманауи білім беру жүйесінде сапаның кепілі әрі педагогтің кәсіби дамуының орталық тетігі ретінде қарастырылады.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі және оны дамытудағы әдістемелік қолдау

Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – кәсіби білімді, білікті, дағдыларды және тұлғалық қасиеттерді тиімді қолдана білу қабілеті. Құзыретті педагог баланың даму ерекшелігін түсінеді, оқыту әдістерін дұрыс таңдайды, рефлексия жүргізеді, оқыту мен тәрбиелеуде нәтижеге жетуді мақсат етеді. Құзыреттілік тек біліммен шектелмейді, ол педагогтің шығармашылығы, педагогикалық мәдениеті, психологиялық дайындық деңгейі және инновацияны қабылдау қабілеті арқылы бағаланады.

Кәсіби құзыреттілікті дамытуда әдістемелік қызметтің орны ерекше. Ең әуелі, әдістемелік жұмыс педагогті үздіксіз білім алуға ынталандырады. Педагог жаңартылған бағдарлама, критериалды бағалау, цифрлық платформалар, инклюзивті білім беру талаптарымен жұмыс істеу үшін тұрақты әдістемелік қолдау алады. Шеберлік сыныптары, курстар, семинарлар, вебинарлар мұғалім тәжірибесін байытады.

Кәсіби дамудың тағы бір маңызды құралы – тәлімгерлік және коучинг. Жас мамандарды қолдау, тәжірибелі педагогтердің шеберлігін тарату, бірлескен зерттеу сабақтарын өткізу педагогке сенімділік береді. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы да педагогтің кәсіби қалыптасуына ықпал етеді: ашық сабақтар, шығармашылық жобалар, педагогикалық дебаттар, зерттеу жұмыстары – бәрі кәсіби деңгейдің өсуіне бағытталған.

Сонымен қатар, педагогтің кәсіби дамуы мониторинг арқылы бағаланып отырады. Сабақ сапасы, білім алушылардың нәтижесі, жетістіктер портфолиосы, ғылыми-әдістемелік материалдар – кәсіби өсу көрсеткіштері. Егер педагогке жүйелі кері байланыс берілсе, ол өз кемшілігін түзетіп, кәсіби деңгейін арттырады.

Әдістемелік қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері

Әдістемелік қызмет заңнамалық және нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагог мәртебесі туралы құжаттар әдістемелік жұмыстың құқықтық базасын айқындайды. Сонымен бірге білім беру ұйымдарының жылдық жоспары, әдістемелік кеңес шешімдері, оқу бағдарламалары мен нұсқаулықтары да әдістемелік қызметті реттейтін маңызды актілер ретінде саналады.

Нормативтік-құқықтық негіздер әдістемелік жұмыстың мақсатты, заңды және бірізді болуын қамтамасыз етеді. Әрбір педагог кәсіби міндетін орындай отырып, сол құжаттарда көрсетілген талаптарды сақтауы тиіс. Мысалы, оқу жоспары мен бағдарламасын орындау, бағалау жүйесін қолдану, баланың құқығын қорғау, инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету – барлығы нормативтік құжаттармен бекітіледі.

Әдістемелік қызметті ұйымдастыруда білім беру ұйымдарындағы түрлі ережелер де маңызды рөл атқарады. Әдістемелік кеңес жұмысының ережесі, пән бірлестіктерінің жоспары, педагог кадрларды аттестаттау қағидалары, мониторинг және ішкі бақылау жүйесі – барлығы әдістемелік жұмыстың регламентін анықтайды. Бұл құжаттар педагог қызметін бағалауға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, әдістемелік қызмет ғылыми негізге сүйенген, нормативтік талаптармен реттелген, педагогтің кәсіби дамуын көздейтін көпсалалы жүйе болып табылады. Ол педагогтің кәсіби деңгейін көтерумен қатар, білім беру ұйымындағы сапалы ортаның қалыптасуына ықпал етеді. Теориялық негіздердің берік болуы – әдістемелік жұмыстың нәтижелілігінің басты шарттарының бірі.

Инновациялық әдістемелік қызмет

Бүгінгі педагогты тек дәстүрлі тәсілдермен қолдау жеткіліксіз. Әлемдік білім беру үдерістері жаңара түсті, цифрлық ресурстар, интерактивті платформалар, зерттеушілік жобалар кең қолданысқа енді. Инновациялық әдістемелік жұмыс мыналарды қамтиды:

- Lesson Study, Action Research технологиялары;
- цифрлық білім беру контенті;
- SMART-мақсат қою;
- STEAM, CLIL, жобалық оқыту;
- онлайн тәжірибе алмасу алаңдары.

Инновациялық жұмыстар педагогті жаңа ойлауға, креативті шешім қабылдауға үйретеді және білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

Әдістемелік қызметтің нәтижелілігі

Нәтижелі әдістемелік жұмыстың көрсеткіштері:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің артуы;
- білім сапасының жақсаруы;
- оқушылардың жетістігінің өсуі;
- ұжымда шығармашылық атмосфераның қалыптасуы;
- озық тәжірибенің таралуы.

Яғни, әдістемелік қызмет тек құжатпен шектелмейді. Ол нақты нәтижеге бағытталған: педагогке қолдау көрсету, дамыту, бағыт беру, оқу сапасын арттыру.

Әдістемелік қызметтің теориялық негіздері оның мәнін, құрылымын, қағидаларын, мазмұнын және педагогтің кәсіби өсуіндегі орнын айқындайды. Егер әдістемелік жұмыс ғылыми тұрғыда, жүйелі, мақсатты ұйымдастырылса, білім беру мекемесінде кәсіби орта қалыптасады, педагогикалық тәжірибе жаңарады, білім сапасы көтеріледі. Сондықтан әдістемелік жұмыс – оқу-тәрбие үдерісін басқарудың маңызды компоненті және педагогтің кәсіби дамуының қажетті шарты.

1.2. Әдістемелік қызмет мазмұны, құрылымы мен ұйымдастыру бағыттары

Білім беру саласында болып жатқан жаңартулар педагог кадрларының кәсіби даярлығына жаңа талаптар қойып отыр. Әсіресе мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік қолдауды тиімді ұйымдастыру тәрбиешінің кәсіби дамуына ғана емес, оқу-тәрбие процесінің сапасына және тәрбиеленушілердің жан-жақты қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан әдістемелік қызметті ғылыми тұрғыда жоспарлау, мазмұнын нақтылау және жүйелі түрде ұйымдастыру – мектепке дейінгі білім сапасын жетілдірудің маңызды құралы болып табылады.

Әдістемелік қызметтің мазмұны

Әдістемелік жұмыстардың негізгі мазмұны педагог мамандардың кәсіби өсуін қамтамасыз етуге, тәжірибе алмасу арқылы шеберлігін жетілдіруге және заманауи педагогикалық технологияларды практикаға енгізуге негізделеді. Бұл қызметтің басты міндеттеріне төмендегілер жатады:

- педагогтердің әдістемелік білімін толықтыру және кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін сараптау, диагностикалау және жетілдіру бағыттарын айқындау;
- жаңа педагогикалық технологияларды, инновациялық идеяларды және тиімді әдістемелерді қолдануға жағдай жасау;
- тәрбиешілерге әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар, практикалық көмек көрсету;
- ұжымда шығармашылық орта қалыптастыру, тәжірибелік алаңдар ұйымдастыру.

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік қызмет тек теориялық ақпарат таратумен шектелмейді. Оның нәтижелілігі практикалық әрекеттер, педагогикалық бақылау, баланың даму көрсеткіштері және тәрбиешінің кәсіби өсу деңгейімен бағаланады.

Әдістемелік қызметтің құрылымы

Әдістемелік жұмыстың жоғары деңгейде жүзеге асуы оның құрылымына байланысты. Әдетте бұл қызмет бірнеше өзара байланысты бөліктерден құралады:

Басқарушылық бөлім:

Бұл деңгей жұмысты ұйымдастыратын тұлғалардан тұрады: басшы, әдіскер, педагогикалық кеңес. Олар жылдық бағытты анықтайды, нормативтік құжаттарды басшылыққа алады, педагогикалық талдау жүргізеді және кадрлармен жұмыс саясатын жүзеге асырады.

Ұжымдық жұмыс формалары:

- педагогикалық кеңестер;
- әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтар;
- семинарлар, тренингтер, тәжірибе алмасу алаңдары;
- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, көрнекілік және портфолио қорғау.

Бұл жұмыстар педагогтердің кәсіби қарым-қатынасын нығайтады, жаңа тәжірибелермен танысуға мүмкіндік береді.

Жеке жұмыс түрлері:

- консультациялар;
- тәлімгерлік және жас мамандарды қолдау;
- өзіндік білім жетілдіру;
- жеке шығармашылық жобалар.

Инновациялық бағыттар:

- жаңашыл әдістемелерді сынақтан өткізу;
- авторлық бағдарламалар әзірлеу;
- ғылыми-тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Тиімді құрылым ішкі байланыстар мен жауапкершіліктерді нақты көрсетіп, әдістемелік үдерісті жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қызметті ұйымдастыру бағыттары

Мектепке дейінгі ұйымдарда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бірнеше негізгі бағытқа сүйенеді:

Жоспарлау

Жылдық немесе тоқсандық жоспар педагогтердің сұранысы, мониторинг қорытындылары, ұйымның даму стратегиясы негізінде дайындалады. Жоспарда мақсат, міндет, күтілетін нәтиже, ресурстар және бақылау түрлері анық көрсетіледі.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту

Тәрбиешінің кәсіби деңгейі:

- әдістемелік,
- психологиялық-педагогикалық,
- цифрлық,
- коммуникативтік құзыреттер арқылы бағаланады.

Құзыреттілікті арттыру курстар, оқыту семинарлары, вебинарлар, шеберлік сыныптары арқылы жүзеге асады.

Мониторинг және талдау

Педагогикалық мониторинг әдістемелік жұмыстың нақты нәтижесін айқындайды. Ол оқу қызметінің сапасын, тәрбиешінің жұмыс стилін, қолданылған әдістердің тиімділігін, балалардың даму динамикасын сараптауға бағытталады.

Озық тәжірибе тарату

Жаңа әдістер мен тиімді жұмыс үлгілерін тарату үшін:

- шеберлік сыныптары,
- ашық алаңдар,
- шығармашылық есеп,
- әдістемелік жинақтар жасалады.

Ата-аналармен әдістемелік жұмыс

Отбасымен серіктестік – баланың әлеуметтенуі мен дамуының маңызды көрсеткіші. Сол себепті ата-аналарға арналған кеңестер, тренингтер, бірлескен жобалар мен іс-шаралар ұйымдастырылады.

Тиімділікті арттыру тетіктері

Әдістемелік жұмыстың сапасын арттыратын негізгі факторлар:

- нақты мақсат қою және кезеңдік бақылау;
- педагогтерді ынталандыру және қолдау;
- инновациялық құралдарды пайдалану;
- үздіксіз кері байланыс алу;
- кәсіби рефлексия жүргізу.

Бұл бағыттардың барлығы балалардың даму деңгейіне, ұйымның педагогикалық әлеуетіне және тәрбиешілердің кәсіби өсуіне тікелей ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік қызмет – бұл жүйелі ұйымдастырылған кәсіби даму алаңы. Ол педагогтің оқу-тәрбие жұмысын жетілдіруге бағытталған, ғылыми және практикалық негізі бар кешенді жүйе болып табылады. Әдістемелік жұмысты дұрыс жоспарлау, оның мазмұны мен құрылымын нақты айқындау – білім сапасын арттырудың, тиімді инновациялық тәжірибелерді енгізудің және кәсіби ұжым қалыптастырудың ең маңызды алғышарттары.

1.3. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тетіктері

Әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру – білім беру мекемесінің кәсіби әлеуетін арттыруға, педагогтердің оқу-тәрбие үдерісіндегі шеберлігін жетілдіруге бағытталған күрделі әрі жүйелі процесс. Бұл тетік жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау және талдау сияқты басқару функцияларымен тығыз байланысты. Әдістемелік жұмысты дұрыс ұйымдастыру педагогтің кәсіби дамуына түрткі болып, білім сапасының деңгейіне тікелей ықпал етеді.

1. Жылдық әдістемелік жоспарлау

Әдістемелік қызметтің негізгі тетігі – нақты әрі жүйелі жоспарлау. Жылдық жоспар педагогикалық ұжымның қажеттіліктеріне, ұйымның даму

стратегиясына, мемлекеттік стандарттар мен бағдарламалар талаптарына сәйкес құрылуы тиіс. Жоспарда:

- педагогтердің кәсіби қиындықтары мен сұраныстары талданады;
- басым бағыттар анықталады;
- әдістемелік іс-шаралардың мазмұны, мерзімі, жауаптылары белгіленеді;
- күтілетін нәтижелер айқындалады.

Жоспарлау кезінде диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, педагогтердің біліктілігін жетілдіру формалары таңдалады. Мысалы: тренинг, коучинг, тәжірибе алмасу, шеберлік сабағы, шығармашылық топ, әдістемелік семинар және т.б.

2. Әдістемелік кеңестің қызметі

Әдістемелік жұмысты үйлестіруші негізгі құрылым – әдістемелік кеңес:

- әдістемелік қызмет бағытын анықтайды;
- оқытуда инновациялық тәсілдерді енгізуге ұсыныстар береді;
- педагогикалық құжаттарды сараптайды;
- ашық ҰІӘ, шығармашылық жобалар, семинарлар өткізілуін бақылайды.

Әдістемелік кеңестің шешімдері білім беру ұйымының даму сапасын жақсартуға бағытталады. Кеңес мүшелері педагогикалық үдерістегі міндеттерді бірлесіп талқылап, ұсыныстар береді, іс-шаралардың орындалуын саралайды.

3. Педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау

Ұйымдастыру тетіктерінің маңызды бөлігі – педагогтердің кәсіби өсуіне қолайлы орта қалыптастыру. Оның ішінде:

- біліктілікті арттыру курстарынан өту;
- озық педагогикалық тәжірибемен танысу;
- заманауи цифрлық ресурстарды меңгеру;
- пәндік және әдістемелік қауымдастықтарға қатысу;
- шығармашылық зерттеу жұмыстарымен айналысу.

Бұл тетік педагогтің рефлексия, өзін-өзі дамыту, үнемі іздену дағдыларын нығайтады.

4. Инновациялық қызметті ұйымдастыру

Білім беру үдерісінің жаңғыруы инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Әдістемелік жұмыста инновациялық бағытты іске асыру келесі жолдармен жүзеге асады:

- жаңа технологиялар бойынша семинар-тренингтер ұйымдастыру;
- цифрлық платформалар, интерактивті әдістерді меңгерту;
- тәжірибелік апробация жасау және мониторинг жүргізу;
- авторлық әдістемелер, жобалар әзірлеу.

Инновациялық қызмет педагогтің пәндік құзыреттілігімен қатар, шығармашылық ойлауын, зерттеушілік қабілетін дамытады.

5. Педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату

Әдістемелік жұмыс тиімді болуы үшін тәжірибе алмасу тетігі міндетті түрде қарастырылады. Бұл бағыт:

- үздік педагогтердің ашық ҰІӘ өткізу;
- педагогикалық идеялар банкін құру;
- шығармашылық топтардың жұмысын жандандыру;
- іс-тәжірибені жинақтау, талдау және тарату арқылы жүзеге асады.

Тәжірибе тарату кәсіби бәсекелестік мәдениетін қалыптастырады, педагогтердің мотивациясын арттырады.

6. Бақылау, мониторинг және талдау

Әдістемелік жұмыстың нәтижелілігі тұрақты бақылау мен талдауды қажет етеді. Мониторинг келесі аспектілерді қамтиды:

- педагогтің кәсіби құзыреттілігін бағалау;
- оқу процесінің сапасын сараптау;
- оқушылардың білім нәтижелерін мониторингтеу;
- өткізілген іс-шаралардың тиімділігін талдау.

Мониторинг нәтижелері болашақ жоспарлауға, кемшіліктерді түзетуге, жаңа әдістемелік бағыттарды енгізуге негіз болады.

7. Құжаттандыру және есеп жүргізу

Әдістемелік жұмыстың ұйымдастыру жүйесінде құжаттарды рәсімдеу де маңызды. Оған:

- жылдық жоспар;
- әдістемелік кеңес хаттамалары;
- семинар, коучинг, тренинг бағдарламалары;
- ашық сабақ талдаулары;
- мониторинг парақтары;
- талдау-анықтамалар кіреді.

Құжаттандыру педагогикалық процестің айқындығын қамтамасыз етеді және әдістемелік қызмет сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тетіктері кешенді, жүйелі және ғылыми негізде жүргізілген жағдайда ғана нәтижелі болады. Бұл тетіктердің барлығы педагогтің кәсіби дамуына, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға, білім беру ұйымының әлеуетін көтеруге бағытталған. Жүйелі ұйымдастырылған әдістемелік қызмет — заманауи білім беру сапасының басты көрсеткіштерінің бірі.

1.4. Мониторинг және бағалау жүйесі

Білім беру жүйесінде әдістемелік қызметтің тиімділігін дәлелдейтін негізгі көрсеткіштердің бірі – мониторинг пен бағалау жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуы. Мониторинг – педагогтердің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін, оқу-тәрбие процесінің сапасын, әдістемелік шаралардың нәтижелілігін тұрақты түрде бақылап, талдау жасайтын жүйелі процесс. Ол тек есеп беру мақсатында ғана емес, білім сапасын арттыру және кәсіби қолдау көрсету үшін қажет құрал ретінде қарастырылады.

Мониторингтің басты мақсаты – педагог қызметінің даму деңгейін анықтау, инновациялық технологиялардың оқу үдерісіне енгізілуін бақылау, әдістемелік жұмыстың орындалу сапасын бағалау және білім беру сапасын арттыруға бағытталған шешім қабылдау. Мұндай бақылау жүйелі жүргізілген жағдайда педагогтердің кәсіби жетілу көрсеткіштері айқын көрінеді, оқу-тәрбие процесінің әлсіз немесе күшті жақтары сараланады.

Әдістемелік қызметтегі мониторинг белгілі қағидаттарға негізделеді. Біріншіден, жүйелілік – талдау белгілі уақыт аралығында тұрақты жүргізіліп отырады. Екіншіден, объективтілік – бағалау тек нақты көрсеткіштер мен

дәлелдерге сүйенеді. Үшіншіден, ашықтық – алынған нәтижелер педагогтерге ұсынылып, кері байланыс беріледі. Сонымен қатар, мониторинг кешенді түрде ұйымдастырылып, педагог, тәрбиеленуші жетістігі, әдістемелік іс-шаралар және құжаттар түгел қамтылады. Жиналған мәліметтер динамикалық түрде талданады, яғни дамудың өсу қарқыны есепке алынады.

Педагогикалық мониторинг бірнеше бағытта жүргізіледі. Ең алдымен, педагогтің кәсіби құзыреттілігі талданады: ҰІӨ жоспарлау, әдіс-тәсілдерді қолдану, инновациялық технологияларды меңгеру, ашық сабақтарға қатысу, кәсіби даму шараларына белсенділік танытуы бағаланады. Сонымен қатар оқу және тәрбие процесінің сапасы бақылауға алынады. Сабақтарға қатысу, оқу жетістіктерін сараптау, оқу-әдістемелік құжаттарды тексеру – осының барлығы процесс сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың үлгерімі, диагностикалық жұмыстар нәтижелері, пәндік дағдылардың қалыптасу динамикасы да мониторингтің маңызды бөлігі болып саналады.

Мониторинг нәтижесін нақты бағалау үшін белгілі критерийлер қолданылады. Олар – педагогтің кәсіби деңгейі, оқыту технологияларын меңгеруі, тәрбиеленушілер жетістігі, шығармашылық жұмысқа қатысуы, инновациялық тәжірибе енгізу қабілеті. Осы белгілер педагог қызметін әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүргізу әдістері де әртүрлі болып келеді. ҰІӨ-ке қатысу, сауалнама жүргізу, портфолио талдау, тестілер, сұхбат, бақылау жұмыстары, педагогикалық есептер талдау – ақпарат жинаудың сенімді тәсілдері. Бұл ақпарат кейін талданып, нәтиже шығарылады. Нәтижелер педагогке жеке кеңес беру, рефлексия жүргізу немесе әдістемелік ұсыныс түрінде кері байланыс ретінде ұсынылады. Мұндай кері байланыс педагогтің кәсіби дамуына бағыт-бағдар береді, мотивациясын арттырады.

Мониторингті дұрыс жүргізу үшін құжаттандыру жұмыстары реттелуі қажет. Жылдық талдау, мониторинг парақтары, сабақ талдау карталары, кәсіби даму есебі, семинар қорытындылары – әдістемелік жұмыстың айқындығын қамтамасыз етеді. Бұл құжаттар педагогтің кәсіби өсу траекториясын бақылауға және болашақ жоспарды нақтылауға негіз болады.

Жалпы алғанда, мониторинг пен бағалау жүйесі әдістемелік жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Ол білім сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға, оқу процесіндегі кемшіліктерді түзетуге және тиімді жоспар құруға мүмкіндік береді. Дұрыс ұйымдастырылған мониторинг білім беру ұйымының сапалы даму көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

II. Практикалық бөлім

2.1. Әдістемелік іс-шаралардың түрлері

Әдістемелік қызметтің мазмұнын ұйымдастырудың маңызды бөлігі – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік іс-шараларды жүйелі жоспарлап, тиімді жүзеге асыру. Заманауи білім беру кеңістігінде әдістемелік іс-шаралар педагогтің кәсіби өсуіне, инновациялық технологиялармен жұмыс дағдыларын дамытуға, тәжірибе алмасуға және білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін негізгі құралдардың бірі болып

саналады. Әдістемелік жұмыстар неғұрлым кешенді, практикалық және шығармашылық сипатқа ие болған сайын педагогтердің кәсіби шеберлігі жоғары деңгейде қалыптасады.

1. Әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңес – мектепке дейінгі ұйым немесе білім беру мекемесінің әдістемелік қызметін стратегиялық басқарудың басты формаларының бірі. Бұл кеңес оқу-тәрбие процесін жетілдіру, кадрлардың кәсіби біліктілігін көтеру, педагогикалық жаңалықтарды енгізу, нормативтік құжаттарды талдау, оқу бағдарламаларын сараптау мәселелерін қарастырады.

Әдістемелік кеңесте:

- жылдық жоспар бекітіледі;
- педагогтердің шығармашылық есептері тыңдалады;
- ашық іс-тәжірибелер мен педагогикалық жобалар талқыланады;
- білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құралдарға сараптама жасалады.

Кеңестің шешімдері педагогикалық ұжымға бағыт-бағдар беріп, білім беру сапасын жүйелі түрде жетілдіруге ықпал етеді.

2. Педагогикалық кеңес

Педагогикалық кеңес – білім беру ұйымының алқалы басқару органы. Оның негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үдерісінің нәтижесін саралау, оқу жылының міндеттерін белгілеу, балалардың даму динамикасын бақылау және ұйымның даму стратегиясын анықтау.

Педагогикалық кеңес келесі бағыттарды қамтиды:

- оқу жылының қорытындысы;
- психологиялық-педагогикалық талдау;
- әдістемелік жаңалықтарды енгізу тәжірибесі;
- тәрбие жұмысының нәтижесі;
- озық тәжірибені тарату.

Бұл іс-шара ұжымның кәсіби бірлігін күшейтеді, ортақ шешім қабылдауға, проблемаларды дер кезінде анықтап, оңтайлы жолдарын табуға мүмкіндік береді.

3. Педагогикалық шеберлік сыныптары

Педагогикалық шеберлік – тәрбиеші мен педагогтің кәсіби деңгейін көрсететін басты өлшемдердің бірі. Шеберлік сыныптары тәжірибелі мамандар жүргізетін практикалық бағыттағы іс-шара болып табылады. Мұнда:

- әдістемелік тәсілдер,
- авторлық технологиялар,
- ойын, тренинг, зерттеу әдістері,
- интерактивті құралдарды қолдану тәжірибесі ұсынылады.

Бұл іс-шара жас педагогтердің кәсіби бейімделуін жеңілдетіп, тәжірибе алмасу алаңына айналады. Шеберлік сабақтары көбінесе ашық ұйымдастырылған оқу қызметі түрінде өтеді.

4. Педагогтың шығармашылық шеберханасы

Шеберхана – педагогтің өзінің идеяларын, авторлық әдістемесін, тиімді тәжірибесін ұсынатын инновациялық алаң. Шығармашылық шеберханаларда:

- тәрбиеші әріптестеріне шеберлік-класс ұсынады;
- жаңа технологиямен жұмыс істеу жолын көрсетеді;

- дидактикалық ойын, көрнекі құрал, әдістемелік өнім әзірлейді.

Педагог шеберханасы жеке тәжірибені таратумен қатар, ұжым мүшелерінің кәсіби шығармашылығын оятады.

5. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері – әдістемелік жұмыстың ең танымал түрлерінің бірі. Ол педагогтің шынайы жұмысын көрсетіп, балалармен қарым-қатынас мәдениетін, оқу процесін ұйымдастыру тәсілдерін, пәндік-дамыту ортасын қолдану ерекшелігін айқындайды.

Ашық іс-шара барысында:

- инновациялық әдістер байқалады;
- балалардың әрекеті бақыланады;
- педагогикалық шеберлік талданады.

Ашық сабақты талдау әдістемелік жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Талдау кезінде тиімді тұстар, кемшіліктер және жетілдіру ұсыныстары айтылады.

6. Семинар, семинар-практикум

Семинарлар – теориялық және практикалық білімді ұштастыратын, педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған мазмұнды іс-шара. Семинар формалары:

- теориялық семинар;
- семинар-практикум;
- тәжірибе алмасу семинары;
- проблемалық семинар.

Семинарларда педагогикалық жаңалықтар, нормативтік құжаттар, әдістемелік ұсынымдар талқыланып, шынайы мысалдармен бекітіледі. Ал семинар-практикум нақты тапсырмалар орындау, топтық жұмыс, тренинг өткізу арқылы нәтижеге бағытталады.

7. Педагогикалық тренингтер

Тренинг – коммуникативтік мәдениетті арттыратын, кәсіби қарым-қатынас стилін қалыптастыратын интерактивті әдістемелік іс-шара. Тренинг барысында:

- кәсіби күйзелісті алдын алу;
- командалық жұмыс дағдыларын дамыту;
- ата-анамен және әріптеспен тиімді диалог орнату;
- эмоционалдық интеллект қалыптастыру бағыттары қарастырылады.

Тренинг педагогтің ішкі әлеуетін ашуға, мінездік ерекшеліктерімен жұмыс істеуге, көшбасшылық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

8. Көшпелі немесе тәжірибе алаңдары

Озық тәжірибесі бар ұйымдар базасында ұйымдастырылатын көшпелі семинарлар, тәжірибе алаңдары педагогтерге:

- балабақша ортасын,
- пәндік-дамытушы кеңістікті,
- инновациялық жобаларды,
- цифрлық технологияны қолдану жолдарын нақты көруге мүмкіндік береді.

Бұл – педагогтің кәсіби көкжиегін кеңейтіп, жаңа идеяларды тәжірибеге енгізуге мотивация беретін тиімді іс-шара.

9. Дөңгелек үстел, пікірталас, ғылыми-практикалық

конференциялар

Дөңгелек үстел – пікір алмасу, тәжірибе талдау, кәсіби проблемаларды талқылау формасы. Мұнда әр педагог өзінің көзқарасын білдіріп, ортақ шешім қалыптастырады.

Конференциялар ғылыми және практикалық бағыттарды біріктіріп, педагогтердің зерттеушілік мәдениетін арттырады.

10. Әдістемелік көрмелер мен байқаулар

Көрмелер:

- дидактикалық материалдарды,
- авторлық құралдарды,
- балалар шығармашылығын,
- инновациялық жобаларды көпшілік назарына ұсынады.

Байқаулар тәрбиешілердің кәсібилігін арттырып, шығармашылық ізденісті жандандырады.

Әдістемелік іс-шаралардың алуан түрлілігі педагогтердің кәсіби даму жүйесінің жан-жақты жүруіне ықпал етеді. Жеке және ұжымдық жұмыс формалары, теория мен тәжірибенің байланысы, шығармашылық және зерттеушілік әрекет – барлығы бір мақсатқа, яғни білім беру сапасын арттыруға қызмет етеді. Әдістемелік шаралар дұрыс жоспарланып, жүйелі түрде жүзеге асқанда педагогикалық ұжым үздік тәжірибені меңгеріп, жаңаша ойлайтын, кәсібіне жауапты мамандар қалыптасады.

2.2.Заманауи форматтағы әдістемелік жұмыс түрлері

Қазіргі білім беру кеңістігі педагог қызметін өзгерту мен жаңартуды талап етіп отыр. Әлемдік білім беру үрдістері, цифрлық технологиялардың дамуы, инновациялық педагогика бағыттары әдіскерлердің жұмысын жаңа деңгейге шығарып, әдістемелік қызмет формаларын жетілдіруді қажет етеді. Осы орайда әдістемелік орталықтардың басты міндеті – педагогтерді кәсіби тұрғыда қолдау, заманауи құралдармен жұмыс істеуді үйрету, тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру және озық тәжірибені тарату. Сондықтан дәстүрлі форматтармен қатар жаңаша әдістемелік іс-шаралар кеңінен қолданысқа енгізілуде.

1. Онлайн және гибрид форматтағы әдістемелік іс-шаралар

Соңғы жылдары әдістемелік жұмыстың маңызды бағыттарының бірі – қашықтан оқыту технологияларын қолдану. Онлайн конференциялар, вебинарлар, виртуалды мастер-класстар, Zoom кездесулер, Google Meet сессиялары педагогтерге уақыт үнемдеуге, географиялық шектеусіз тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Онлайн іс-шаралардың артықшылықтары:

- білім беру мекемелері арасындағы серіктестік кеңейеді;
- үздік тәжірибе аймақаралық деңгейде тарайды;
- материалдарды жазып алу, қайта қарау мүмкіндігі бар.

Гибрид формат – офлайн және онлайн компоненттің үйлесуі. Мысалы, теориялық бөлім онлайн өтсе, практикалық бөлігі балабақша немесе мектеп базасында ұйымдастырылады. Бұл педагогтің материалды тез меңгеруіне және оны нақты жағдайларда қолдануына жағдай жасайды.

2. Цифрлық құралдармен жұмысқа бағытталған тренинг-практикумдар

Заманауи педагог тек әдістемені емес, цифрлық педагогиканы меңгеруі тиіс. Осы бағытта әдіскерлер:

- интерактив тақтамен жұмыс,
- Padlet, Kahoot, ClassDojo, LearningApps платформаларын қолдану,
- цифрлық дидактикалық ойын құрастыру,
- онлайн бағалау және мониторинг жүргізу бойынша тренингтер өткізеді.

Мұндай шараларда педагог тек тыңдаушы емес, тікелей практикалық жұмыстың қатысушысы ретінде жұмыс жасайды. Тапсырмалар орындау, топпен жоба дайындау, цифрлық контент құрастыру сияқты әрекеттер кәсіби дағдыны тез дамытады.

3. Педагогикалық коучинг және менторлық

Коучинг – педагогтің жеке кәсіби сұранысына бағытталған қолдау формасы. Әдіскер коуч ретінде педагогке мәселені шешуге көмектеседі, бағыт береді, кәсіби даму траекториясын жоспарлайды. Менторлық жас мамандарға ерекше тиімді. Тәжірибелі педагог немесе әдіскер:

- сабақ жоспарлауға көмектеседі,
- ашық іс-шара ұйымдастыруға бағыт береді,
- кәсіби қиындықтарды шешуде кеңесші болады.

Бұл формат педагогтің өзін-өзі дамыту дағдысын қалыптастырып, ұжымдағы кәсіби орта мәдениетін қалыптастырады.

4. Педагогикалық хакатон және идеялар лабораториясы

Хакатон – қысқа уақыт ішінде бір мәселенің шешімін табуға арналған шығармашылық жарыс формасы. Педагогикалық хакатонда тәрбиешілер мен мұғалімдер:

- авторлық ойындар;
- инновациялық жобалар;
- әдістемелік құралдар;
- ҰІӘ сценарийлері әзірлейді.

Идеялар лабораториясы педагогтердің жаңа өнім дайындауына, тәжірибе идеяларын тестілеуге жағдай жасайды. Бұл әдістемелік жұмыстың шығармашылық аспектісін күшейтеді.

5. Практикалық шеберханалар (Workshop) және кәсіби шеберлік алаңдары

Workshop – «көрсетемін – бірге орындаймыз – өзің жасайсың» қағидасына негізделген практикалық формат. Әдіскерлер:

- сенсорлық дамыту;
- сөйлеуді дамыту;
- STEAM элементтері;
- инклюзивті білім беру;
- робототехника

бағыттарында шеберлік сабақтарын өткізеді.

Шеберлік алаңдары жаңа технологияны бірден меңгеруге мүмкіндік береді. Әр педагог тәжірибені тікелей қолданып, нақты әдістерді өз жұмысына енгізуге үйренеді.

6. Lesson Study, Action Research бағытындағы зерттеу форматтары

Lesson Study – сабақ немесе оқу қызметін зерттеу және жетілдіру әдісі.

Педагогтер командасы:

1. жоспарлайды;
2. ашық сабақ өткізеді;
3. бақылау жүргізеді;
4. нәтиже талдайды;
5. өзгеріс енгізеді.

Action Research (әрекеттегі зерттеу) педагогикалық проблеманы тәжірибе арқылы шешуге мүмкіндік береді. Бұл — заманауи ғылыми бағыт ретінде педагогтің зерттеушілік құзыреттілігін дамытады.

7. Кәсіби желілік қауымдастықтар және тәжірибе алмасу платформалары

Заманауи әдістемелік қызмет кәсіби коллаборациясыз мүмкін емес.

Әдіскерлер педагогтерге:

- кәсіби чаттар,
- телеграм/whatsapp қауымдастықтары,
- онлайн ресурс банкі,
- ортақ жоба,
- аймақаралық тәжірибе алмасу алаңын ұсынады.

Бұл модельде педагогтер үнемі байланыста болып, әдістемелік көмек пен материалдар алмасады.

8. Интерактивті форматтағы конференциялар, форумдар және педмарафондар

Дәстүрлі конференциядан айырмашылығы – интерактивті элементтердің көп болуы:

- пікірталас алаңы;
- постерлік таныстырылым;
- бейнежоба қорғау;
- тәжірибе стендтері;
- әдістемелік көрме.

Педмарафондар бірнеше күнге созылып, түрлі бағыттағы іс-шараларды қамтиды: тренинг, коучинг, мастер-класс, онлайн кеңес, челлендж, шеберлік мектебі. Бұл формат мотивацияны арттырады және кәсіби орта қалыптастырады.

9. Edu-Quest, квест-сабақ және ойын форматы

Ересек педагогтерге арналған әдістемелік ойын формалары да тиімді:

- әдістемелік квест,
- интеллектуалдық ойын,
- тимбилдинг элементтері,
- рөлдік моделдеу.

Мұндай іс-шараларда педагог тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы рөлінде болады, бұл кәсіби қызығушылық пен эмоциялық мотивацияны арттырады.

1. Тақырып пен мақсатты нақтылау (мысалы: «*Сабақта критериалды базалауды тиімді қолдану*», «*Балалардың зерттеу дағдыларын дамыту әдістері*»).
2. Мақсатты аудиторияны анықтау (жас мамандар, әдіскерлер, пән мұғалімдері, тәрбиешілер және т.б.);
3. Жүргізуші (модератор немесе тренер) тағайындау;
4. Материалдар мен ресурстарды әзірлеу (презентация, таратпа материалдар, практикалық тапсырмалар);
5. Жұмыс алаңын ұйымдастыру (құрал-жабдықтар, техникалық қамтамасыз ету).

II. Негізгі кезең (Workshop барысы)

Практикалық шеберхана 4 негізгі бөлімнен тұрады:

Кезең	Мазмұны
1.Кіріспе (5–10 мин)	Қатысушылармен танысу, мақсат пен күтілетін нәтижені түсіндіру, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.
2.Мотивациялық бөлік (10 мин)	Қысқа видео, сұрақ немесе проблемалық жағдай арқылы қызығушылықты арттыру.
3.Практикалық бөлім (30–40 мин)	Қатысушылар нақты тапсырмалар орындайды, әдіс-тәсілді іс жүзінде қолданып көреді, мысалы, «сабақ фрагментін модельдеу», «дидактикалық ойын әзірлеу».
4.Рефлексия және қорытынды (10–15 мин)	Талқылау, пікір алмасу, кері байланыс, қатысушылардың жеке кәсіби қорытындысын анықтау.

III. Қорытынды кезең

- Қатысушылар өз тәжірибесінде қолдануға болатын нақты нәтижелер алады;
- Тренер (немесе модератор) талдау жүргізеді;
- Тиімді ұсыныстар мен материалдар әдістемелік қорда сақталады;
- Қатысушыларға сертификат немесе алғыс хат беріледі.

4. Практикалық шеберхананың мазмұндық ерекшеліктері

- Теория минималды, тәжірибе максималды болуы керек;
- Қатысушылар өз қолымен жасап көреді («қолмен үйрену» қағидасы);
- Белсенді оқыту әдістері: «*Case-study*», «*Brainstorming*», «*Role play*», «*Project-based learning*», «*Peer teaching*»;
- Әр қатысушы өз тәжірибесін қысқаша бөлісіп, жаңалық енгізу жолдарын ұсына алады;

- Іс-шара соңында «жұмыс өнімдері» (үлгі сабақ жоспары, дидактикалық материал, оқу құралы макеті) дайын болуы мүмкін.

5. Кәсіби шеберлік алаңын ұйымдастыру

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби өзара әрекеттестігін, тәжірибе алмасуды және бірлескен идеялар жасауды ұйымдастыру.

Құрылымы:

1. **Тақырыптық спикер сессиясы** – тәжірибелі педагог немесе әдіскер өз тәжірибесін қысқаша таныстырады (10 мин).
2. **Практикалық алаң** – қатысушылар топтарға бөлініп, нақты тапсырма орындайды (мысалы, «сабақтағы рефлексия әдістері»).
3. **Кері байланыс және ұсыныстар панелі** – әр топ өз шешімін ұсынады, сарапшылар мен әріптестер пікір білдіреді.
4. **Қорытынды пікірталас** – ортақ шешімдер мен жаңа идеялар жинақталады.

Форматтар:

- офлайн немесе онлайн (Zoom, Teams, Miro, Padlet платформалары арқылы);
- аралас (тірі шеберхана + қашықтық элементтері);
- тақырыптық бағытта (STEM, инклюзия, цифрлық педагогика, тіл дамыту, құндылыққа негізделген білім беру және т.б.).

6. Бағалау және рефлексия

Коуч немесе модератор қатысушылармен бірлесіп талдау жүргізеді:

- Не үйрендік?
- Нені тәжірибемізге енгіземіз?
- Қандай сұрақтар қалды?
- Қандай әдіс ең тиімді болды?

Бағалау критерийлері:

1. Қатысушылардың белсенділігі мен ынтасы;
2. Практикалық нәтиженің болуы (дайын өнім, идея, ұсыныс);
3. Инновациялық және шығармашылық көзқарас;
4. Топтық ынтымақтастық деңгейі;
5. Рефлексияның сапасы.

7. Күтілетін нәтижелер

- Педагогтердің кәсіби және әдістемелік құзыреттілігі артады;
- Заманауи әдіс-тәсілдерді іс жүзінде қолдануға дайындық күшейеді;
- Ұжымда тәжірибе алмасу және өзара үйрену мәдениеті қалыптасады;
- Әдістемелік қор жаңа өнімдермен (тапсырмалар, модельдер, идеялар) толығады;
- Білім сапасы мен оқыту үдерісінің тиімділігі артады.

8. Қорытынды

Практикалық шеберханалар мен кәсіби шеберлік алаңдары — педагогтердің тәжірибеде үйренуіне, инновацияны нақты іске асыруға бағытталған заманауи форматтар. Мұндай алаңдарда әр педагог өз әлеуетін ашып, кәсіби қоғамдастықтың белсенді мүшесіне айналады. Шеберхана — тек оқыту емес, *бірге жасап үйренудің мәдениеті*.

2.14. Шығармашылық топтардың қызметін үйлестіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

Шығармашылық топ – педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық тәжірибе қалыптастыру және жаңа педагогикалық идеяларды әзірлеу мақсатында құрылған кәсіби қауымдастықтың шағын жұмыс тобы.

Мұндай топтардың жұмысы әдістемелік қызметтің құрамдас бөлігі болып табылады және білім беру ұйымының стратегиялық даму бағыттарымен тығыз байланысты.

Шығармашылық топтар әдістемелік орталық, педагогикалық кеңес немесе әдістемелік бірлестіктердің шешімімен құрылады. Олардың қызметін үйлестіру – әдіскердің, әдістемелік кеңес төрағасының және ұйым басшысының маңызды міндеттерінің бірі.

2. Шығармашылық топтардың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби және зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру арқылы оқу-тәрбие процесіне инновациялық тәжірибелер мен тиімді әдістемелерді енгізу.

Міндеттері:

- педагогикалық өзекті мәселелер бойынша зерттеу және тәжірибе алмасу;
- авторлық бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар, сабақ үлгілерін әзірлеу;
- оқу процесін жетілдіруге бағытталған жаңа тәсілдер ұсыну;
- педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын арттыру және тәлімгерлік жүйесін дамыту;
- әзірленген идеялар мен жобаларды педагогикалық кеңестер мен әдістемелік семинарларда қорғау және тарату.

3. Шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастыру кезеңдері

Шығармашылық топтардың қызметі жоспарлы түрде жүзеге асырылады және төмендегі кезеңдерді қамтиды:

I. Дайындық кезеңі

1. Шығармашылық топ құрамы анықталады (5–10 қатысушы);
2. Тақырып пен мақсат нақтыланады (мысалы, «*STEM технологиясын сабақта қолдану*», «*Ойын арқылы тіл дамыту әдістері*»);
3. Жауапты жетекші (топ үйлестірушісі) бекітіледі;
4. Жылдық немесе жартыжылдық жұмыс жоспары әзірленеді;
5. Әдістемелік орталық немесе кеңес тарапынан үйлестіруші әдіскер бекітіледі.

II. Негізгі кезең (тәжірибелік-ізденіс жұмысы)

1. Әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, ғылыми еңбектерді зерделеу;
2. Практикалық зерттеу және тәжірибе жүргізу (сабақ, жобалық жұмыс, эксперименттік тапсырма);
3. Жаңа әдістемелік өнім әзірлеу (оқу-әдістемелік құрал, сценарий, дидактикалық материал, авторлық жоба);
4. Ашық іс-шаралар, коучинг, семинар, шеберлік сынып түрінде тәжірибені көрсету;

5. Жұмыс барысын мониторингтеу және талдау жүргізу.

III. Қорытынды кезең

1. Топтың жылдық есебі мен қорытынды отырысы өткізіледі;
2. Әзірленген материалдар әдістемелік орталық қорына тапсырылады;
3. Ең үздік жобалар мен идеялар педагогикалық кеңесте немесе ғылыми-практикалық конференцияда таныстырылады;
4. Қатысушылар марапатталып, тәжірибелері БАҚ пен кәсіби платформаларда (мысалы, *bilimland.kz*, *ust.kz*, *edu.kz*) жарияланады.

4. Шығармашылық топтардың қызметін үйлестірудің негізгі бағыттары
Әдістемелік орталық әдіскерлері мен басшылық тарапынан шығармашылық топтардың жұмысын үйлестіру төмендегідей бағыттарда жүргізіледі:

1. **Жоспарлау және бағыт беру:**
 - шығармашылық топтардың тақырыптық бағыттарын үйлестіру;
 - ұйымның әдістемелік жылдық жоспарына енгізу;
 - жұмыс кестесін және мерзімін бекіту.
2. **Ақпараттық-әдістемелік қолдау:**
 - ғылыми, нормативтік, әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
 - тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру;
 - сыртқы серіктестермен (ЖОО, біліктілікті арттыру институттары) байланыс орнату.
3. **Мониторинг және сараптау:**
 - әр топтың жұмыс нәтижесін талдау;
 - аралық есептер мен кері байланыс жинақтау;
 - үздік тәжірибелерді әдістемелік банкіге енгізу.
4. **Марапаттау және ынталандыру:**
 - үздік шығармашылық топтар мен қатысушыларды анықтау;
 - кәсіби байқауларға қатысуға ұсыну;
 - жетістіктерін әдістемелік көрмелер мен конференцияларда көрсету.

5. Шығармашылық топ жұмысының тиімділігін бағалау критерийлері

№	Бағалау өлшемдері	Көрсеткіштер
1	Тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы	Білім беру міндеттерімен сәйкестігі
2	Іс-әрекет нәтижелілігі	Әдістемелік өнімнің сапасы және тәжірибеге енгізілуі
3	Қатысушылар белсенділігі	Топтық жұмыс пен ынтымақтастық деңгейі
4	Жобаны қорғау және тарату	Презентациялар, конференцияларға қатысу
5	Тұрақтылық және даму мүмкіндігі	Келесі кезеңге жоспардың болуы, жалғастыру әлеуеті

6. Күтілетін нәтижелер

- Педагогтердің кәсіби және зерттеушілік мәдениеті қалыптасады;
- Озық тәжірибелер мен инновациялық әдістемелер жүйеленеді;
- Ұжымда шығармашылық және серіктестік ахуал орнайды;
- Әдістемелік қызметтің сапасы мен мазмұны жаңарады;
- Педагогтердің өз бетімен іздену және шығармашылық жұмысқа қызығушылығы артады.

7. Қорытынды

Шығармашылық топтардың қызметін жүйелі үйлестіру – әдістемелік қызметтің табысты болуының басты кепілі. Мұндай топтар педагогтердің кәсіби әлеуетін ашуға, жаңа идеяларды тәжірибеге енгізуге және ұжымдық кәсіби дамуға мүмкіндік береді. Әдіскердің үйлестірушілік рөлі – бағыт беру, қолдау көрсету және нәтижені тарату арқылы шығармашылық процесті жандандыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, әдістемелік қызмет – білім беру ұйымдарындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық тәжірибені жетілдіруге және сапалы білім беру үдерісін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі әрі үздіксіз процесс болып табылады.

Әдістемелік қызметті тиімді ұйымдастыру мен жүзеге асыру – әрбір әдіскер мен педагогтің кәсіби шеберлігін дамытудағы, инновациялық ойлау мен шығармашылық ізденісті қалыптастырудағы басты тетік.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсыным педагогикалық ұжымның жұмысын жаңаша ұйымдастыруға, заманауи форматтағы іс-шараларды өткізуге, озық тәжірибелерді бөлісу мен таратудың тиімді жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Ұсынымды қолдану нәтижесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуеті артады, әдістемелік қызметті жүйелі ұйымдастыру бағыты нақтыланады. Педагогтер заманауи технологияларды тиімді қолдана алады, оқу-тәрбие процесіне инновациялық тәжірибелер енгізіп, мониторинг пен кері байланыс нәтижелерін талдау арқылы білім сапасын арттыруға нақты шешімдер қабылданады.

Жұмыс барысында қарастырылған **педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, семинар-практикум, шеберлік сабақтары, дөңгелек үстел, хакатон, идеялар лабораториясы, практикалық шеберхана және кәсіби шеберлік алаңы** сияқты іс-шаралар педагогтердің кәсіби әлеуетін арттырудың пәрменді құралдары ретінде сипатталды. Бұл форматтар мұғалімдердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың ынтымақтастығын, шығармашылық еркіндігін және кәсіби белсенділігін күшейтеді.

Сонымен қатар, әдістемелік қызметтің маңызды элементтері — **мониторинг пен бағалау жүйесі, нормативтік-құқықтық негіздер, жоспарлау мен нәтижені талдау** — әдістемелік жұмыстың сапасын арттыруға және оны басқару тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру кеңістігі педагогтен үздіксіз дамуды, жаңашылдықты және кәсіби бейімделуді талап етеді. Сол себепті әдістемелік қызметтің басты бағыты – педагогті қолдау, үйрету және шабыттандыру.

Әр педагогтің кәсіби өсуі – білім беру ұйымының дамуының кепілі, ал тиімді әдістемелік жұмыс – сапалы білім берудің негізі.

Осы әдістемелік ұсыным білім беру ұйымдарының әдіскерлері мен педагогикалық ұжымдарына практикалық көмекші құрал бола отырып, білім беру сапасын арттыру мен жаңашыл педагогикалық мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосады деген сенімдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. (2024 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2024–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2023.
3. «Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
4. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығы.
6. Педагогтің кәсіби стандарты. – Астана: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, 2022.
7. Әбдіғаппарова А.Т. Әдістемелік қызметтің мазмұны мен құрылымы. – Алматы: Білім баспасы, 2020.
8. Жұмабаева Қ.Ж. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы әдістемелік жұмыстың рөлі. – Алматы: Рауан, 2021.
9. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Әдістемелік қызметті ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері: әдістемелік құрал. – Астана, 2022.
10. Сейдахметова Р., Әбдірайымова С. Заманауи білім берудегі әдістемелік инновациялар. – Шымкент: ОҚМПУ баспасы, 2021.
11. Сарыбаева Г. Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және басқару. – Қызылорда, 2020.
12. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау ережелері. – Астана, 2023.
13. Құлмырзаева А. Әдіскер жұмысының инновациялық бағыттары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

ӘДІСТЕМЕЛІК ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

«Отбасы және мектепке дейінгі ұйым: өзара ынтымақтастық аспектілері» педагогикалық кеңес жоспары

Өткізу әдісі: іскерлік ойын

Мақсаты:

• «Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін көтеру үшін жаңа жұмыс түрлерін қолдану арқылы, олардың белсенділігін арттыру. Әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге жағымды жағдайлар камтамасыз ету» тақырыбындағы МДҰ жылдық жоспарындағы жылдық міндеттемені шешу.

• Педагогтердің ата-аналармен өзара әрекеттестік орнату барысындағы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін көтеру.

Міндеттер:

• Ата-аналармен өзара әрекеттестік мәселелері бойынша педагогтердің білімдерін анықтау және жүйелендіру.

• Ата-аналармен өзара әрекеттестік орнату барысында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай жаңа жұмыс түрлерін ұйымдастыруында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін көтеру.

• Педагогтердің кәсіби белсенділігін, шығармашылығын дамыту және ынталандыру.

• Педагогтердің осы тақырып бойынша жұмыстануына қызығушылығын қолдау.

Алдын-ала жұмыс :

1. Жоспарланып отырған педкеңес туралы хабарландыру жасау.

2. «Отбасы және МДҰ арасындағы қарым-қатынас» баяндама дайындау.

3. Іскерлік ойынның жоспарын, материалдарын дайындау.

4. Ата-аналарға және педагогтерге анкета өткізу.

Педкеңес жоспары:

I. Кіріспе сөз.

II. «Отбасы және МДҰ арасындағы қарым-қатынас» презентациясы

III. Педагогтер мен ата-аналар арасында өткізілген анкета қорытындысы.

IV. Іскерлік ойын.

V. Үй тапсырмасы. Ата-аналар бұрышына арналған кеңесті ұсынып қорғау.

VI. Педкеңесті қорытындылау, шешім шығару.

Іскерлік ойын.

Ойынның рефлексиясы: Педагогтер ойынның басында және соңында өздерінің көңіл-күйлеріне қарай смайлик таңдайды.

1 тапсырма:

«**Ынтымақтастық**» сөзіне түсінік беру.

Ынтымақтастық – ол:

- Педагогтің ата-аналармен тек қана ашық түрде жұмыс жасау емес, ол сол жұмысты бірлесе отырып ұйымдастыру.
- Ата-аналарды айқын, қызықты, болашаққа бағыттайтын бірлескен жұмысқа тарту;
- Бірлесе отырып болашақтағы әрекеттердің жалпы амалдарын талқылау және іздеу.
- Педагогтердің және ата-аналардың психологиялық тең құқықтығы.
- Бірлескен әрекеттердің проблемаларының шешу кезіндегі түрлі амалдары, пікірлеріне құрметпен қарау.
- Бірлескен жұмыстың нәтижесі туралы әр қатысушының пікірін талқылау.

2 тапсырма:

Педагогтер кезектесіп мына сұрақтарға жауап береді:

- 1.Сіздің топта кімнің ынтасы /инициативасы/ бойынша ата-аналармен кездесулер өтеді?
- 2.Осы іс-шараны қалай жоспарлайсыз? Неге сүйенесіз?
- 3.Кездесуге дайындық кезінде барлық жұмысты өзіңіз атқарасыз ба? Ата-аналарды дайындыққа қатыстырасыз ба ?
- 4.Ата-аналарды қалай белсендіресіз? Олар осы әрекетіңізді қуана қарсы ала ма?

3 тапсырма:

Ойын-жаттығу: «Егерде...»

Мақсаты:Педагогтердің педагогикалық такт сезімін, өз-өздеріне деген сенімділігін дамыту, аудиториямен жұмыс жасағанда келеңсіз жағдайлардан шығуға үйрету.

Тапсырма:

- 1.Егерде, Сіз ата-аналарға кездесудің тақырыбын жария етіп, оларға оны талқылауға ұсындыңыз, олар сөйлегілері келмей, сізге қарап, үндемей отыр. Сіз не істер едіңіз?
- 2.Егерде, бір ата-ана кездесудің тақырыбын талқылай тұрып, тақырыптан ауытқып, көп сөйлеп кетті. Сіз оған қалай жауап қайтарасыз?

4 тапсырма:

Ойын-жаттығу: «Шеңберге кір»

Мақсаты: Ата-аналармен икемді қарым - қатынас жасауға үйрету.

Өту барысы:

Қатысушылар шеңберге тұрады, қолдарынан қатты ұстайды – **бұл ата-аналар шеңбері**. Бір қатысушы шеңбердің сыртына тұрады – **ол тәрбиеші**. Ол

қатысушыларды осы шеңберге кіру үшін тиісті сөз сарынын және сөздер тауып, шеңберге қалайда кіруге тырысу, қатысушыларды сол сөзбен сендіру.

Ойын-жаттығуды анализдеу:

1. Сіз осы жаттығуды орындағанда не сезіндіңіз?
2. Бекітулі шеңберге кіру Сізге оңай болды ма? Бірден кіре алдыңыз ба? Неге?
3. Сіз қалай ойлайсыз, ата-аналармен қарым-қатынас жасағанда сіз шеңбер ішінде ме, әлде шеңбер сыртындасыз ба?

5 тапсырма:

Ойын-жаттығу: «Қазіргі заманның отбасысы - ол қандай?»

Мақсаты: Қазіргі заманның отбасы туралы педагогтердің түсініктерін шыңдау, қазіргі уақытта үлгілі отбасының келбетін анализдеу.

Өткізу барысы:

- Әр топқа түрлі журналдар, қағаздар, желім, қайшы беріледі.
- Педагогтердің мақсаты: түрлі иллюстрациялар арқылы коллаж ретінде қазіргі заман жанұясының келбетін бейнелеу.
- Эксперттік топқа үлгілі отбасының келбетін бейнелеу.
- 10-15 минут соң әр топ өзінің отбасы туралы құрған жұмыстарын түсіндіріп көрсетіп кетеді.
- Жүргізуші істелген жұмыстың қортындысын шығарады, әр жұмыстың өзгешелігін айта кетеді.

6 тапсырма:

Ойын-жаттығу «Даналық ағашы» /атақты адамдардың айтқан нақыл сөздерін, мақал-мәтелдерді, өсиет сөздерді талқылау/.

Мақсаты: педагогтердің білімдерін пысықтап, шыңдау.

«Даналық ағашы»-на алдын-ала дайындалған атақты педагогтердің айтқан нақыл сөздері, мақал-мәтелдер, өсиет сөздер ілінеді, әр педагог біреуін таңдап, өз пікірін айтып, талқылайды.

Жас мамандар слеті аясында өткізілген «Ұстазбын - үлгі болар басқаларға» әдістемелік квест

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту, ішкі әлеуетін арттыру, табысты педагогтің ұстанымын қалыптастыру.

Міндеттері:

- педагогтердің кәсіби өсуіне ықпал ету;
- практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- шығармашылық ізденістегі педагогтердің белсенділігін арттыру;
- жеке өсу жолындағы негізгі ұстанымдарын анықтау;
- табысқа деген саналы ұмтылысты дамыту мен кәсіби қиындықтарды жеңуге әдістемелік көмек көрсету.

*"Егер сіз нәтижеге жеткілікті түрде ұмтылсаңыз,
оган қол жеткізесіз.*

*Егер сіз бай болғыңыз келсе, бай боласыз,
ғалым болғыңыз келсе, ғалым боласыз,
жақсы болғыңыз келсе, жақсы боласыз.*

Бірақ, оны шынымен қалауыңыз керек және сол күшпен бір уақытта жүздеген басқа сәйкес келмейтін нәрселерге ұмтылмауыңыз керек"
(Генри Джеймс)

Өту барысы:

- Құрметті әріптестер, бүгінгі облыстық Жас мамандар слеті аясындағы «Ұстазбын - үлгі болар басқаларға» әдістемелік квестке қош келдіңіздер!

Естеріңізге сала кетейін, квест - бұл ойын, оның барысында қатысушылар бірқатар кедергілерді еңсеріп, белгілі бір міндеттерді орындап, логикалық жұмбақтарды шешіп, ортақ мақсатқа жету жолында туындайтын қиындықтарды жеңуі керек.

Әрбір жұмбақ келесі кезеңнің және келесі тапсырманың кілті болып табылады. Конвертті алу үшін команда барлық тапсырмаларды орындауы керек. Әр тапсырманы орындауға қатысушыларға 5 минуттан артық уақыт берілмейді. Спикерлер уақытты бақылайды. Тапсырманы орындағаннан кейін ойыншылар келесі станцияға өтеді.

Қазіргі таңда Педагог, соның ішінде МдҰ әдіскері педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып, оқыту әдіс-тәсілдерді, жаңа инновациялық технологияларды меңгеруде үздіксіз білімдерін үнемі жетілдіріп, шеберлігін тиісті деңгейде дамытып отыру қажет.

Мемлекеттік стандартқа сәйкес педагогикалық қызметтің сипаты да өзгеруде. Педагогтің кәсіби өзін-өзі дамыту процесінде, оның жаңа нәрсеге дайындығы ерекше рөл атқарады. Сондықтан, бүгінгі әдістемелік квест - ойынымызды мектепке дейінгі ұйым әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту, ішкі әлеуетін арттыру, табысты педагогтің ұстанымын қалыптастыру мақсатында, өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісіп, «Үздік педагогтер қауымдастығы» - ның педагогтері өткізеді. Ортаға Үздік педагогтерді шақырайық:

Алигазиева Айгуль Калиматовна – Орал қаласы №44 «Мерей» бөбекжайының компьютерлік сауаттылыққа үйрету мұғалімі, «Үздік педагог-2014» республикалық байқауының жеңімпазы;

Едильбаева Ботагөз Аманжоловна, Ақсай қаласы «Еркемай» жеке бөбекжайының тәрбиешісі, «Үздік педагог-2016» республикалық байқауының жеңімпазы;

Ельжанова Умит Каирғалиевна – Бөрлі ауданы Ақсай қаласы №3 «Гүлдер» бөбекжайының тәрбиешісі «Үздік педагог- 2021» республикалық байқауының жеңімпазы;

Сиражева Светлана Халеновна – Білім беруді дамыту орталығының әдіскері «Үздік педагог-2018» республикалық байқауының жеңімпазы.

Ал ендеше, квест ойынымызды бастайық! Біздің кездесуіміз барлығына пайдалы және қызықты болады деп сенемін. Ең алдымен астарлы әңгімені көруден бастаймыз.

«Жетістікке жету жолы» мотивациялық астарлы әңгіме

<https://www.youtube.com/watch?v=vks4ZzxCqSE>

«Жетістік» деген сөзге ассоциация құру.

(қатысушыларды үш топқа бөліп отырғызу, әр топқа плакат пен маркер беру, уақыты-3 мин, 2 мин қорғауға)

Сіздер әр станцияға барып тапсырмалар орындайсыздар. Әрбір орындалған тапсырма үшін конверт аласыздар. Квест барысында біз педагогикалық шеберліктің, табыстың шыңына жетудің және жетістіктің кілті неде екенін білеміз.

Дайынсыз ба? Онда бастаймыз.

1 – «Ойна да, ойлан» станциясы

(Өткізетін Сиражева Светлана Халеновна)

Тапсырмаға нұсқаулық :

«Сіздің кәсіби қызметіңізге байланысты бұрын-соңды болмаған қиын тапсырмаға жіберіліп жатқаныңыз белгілі болды. Қандай тапсырма, қайда жіберілетінін белгісіз. Жолда сізді келесі тұлғалардың арасынан бес көмекші таңдауға шақырады»:

- Ауыл мұғалімі, 37 жаста
- 2 баласы бар үй шаруасындағы әйел, 24 жаста
- Нейрохирург, 40 жаста
- Африкалық студент, 19 жаста
- Ханым, салон иесі, 62 жаста
- Қыз, 18 жаста
- Инженер, 31 жаста
- Депутат, 53 жаста
- Қойшы, 45 жаста
- Стюардесса, 27 жаста
- Жұмыссыз, 32 жаста

Таңдауыңызды топта талқылаңыз, аудитория алдында ашық қорғауда айтыңыз. Көмекшілерді қалай таңдадыңыз? қандай критерийлерге сүйендіңіз? Тапсырманы орындау уақыты – 3 мин.

Қатысушылар өз пікірлерін ортаға салады.

Мақсатты түсінбей алға жылжу мүмкін емес деген қорытынды жасауға болады: саяхатта да, кәсіби салада да мақсатты білу керек.

Мен сізге «Бауырсақ» ертегісін еске түсіруді ұсынамын.

- «Әже тоқаш пісіріп, салқындату үшін терезеге қойды. Бауырсақ секіріп түсті де, домалап кетті...» Бірақ ол қайда және неге домалап кетті?

Жауаптарын тыңдаймыз.

– Бауырсақтың жолында мақсаты болды ма? (*мүмкін жауаптар: серуендеу, достар табу, әлемді көру, әже мен атадан қашу - олар оны жегісі келді, адам болғысы келді, т.б.*) Яғни, ол өз алдына нақты мақсат қоймаған. Ал түлкі оны жеп қойды. Ертегінің қайғылы соңын қиялдап, түзетуге тырысайық. Бауырсақ үшін мақсатты таңдап, ертегіні жаңа позитивпен аяқтаңыз.

Тұжырым: Өмірде де солай – мақсат болмаса, финалды болжау мүмкін емес. Ал мақсатымыз айқын болса, мәре сызығында лайықты нәтиже болады.

- Жарайсыңдар, бұл тапсырманы өте жақсы орындадыңыздар.

Ал сізге алғыс ретінде конверт беріледі (*конверт ішіне «Мақсат» сөзі жазылады*). Ұстаңыз. Бірақ оны әлі ашпаңыз.

Сіздерге «Айна мәтіні» әдісі бойынша келесі станцияның атауын табуға ұсынамын:

«МУБОРЙЕН»

(қатысушылар станция атауын тауып, келесі станцияның тапсырмаларын орындауға өтеді)

2 - «Нейробум» станциясы

(Өткізетін Едильбаева Ботагөз Аманжоловна)

1. «Кәне, қол ұстасайық!» қуаныш шеңбері
2. Көңілді нейрожаттығу
3. Логоритмикалық жаттығу

Конверт ішінде **«Шыдамдылық және еңбек»** сөзі жазылады

Келесі станцияның атауын жасыру: «STEM» сөзін кубиктің үстіне конструкторлармен құрып қою.

3 – «STEM-әлемі» станциясы

(Өткізетін Алигазиева Айгуль Калиматовна)

Қатысушыларды қызыл, сары, көк түсті конструктор бөлшегі тұрған үстел үстіне үш топқа бөліп отырғызу.

- 1.LEGO DUPLO конструкторымен жұмыс «Туған күн иесіне сыйлықтар жасау» (Құзыреттілік деген?)
- 2.LEGO CLASSIC конструкторымен жұмыс «Жүрекшелер алаңы» (Кәсіби құзыреттілік деген не?)
- 3.BOTLEY”- STEM жиынтығымен ойын (Педагогикалық шеберлік деген не?).

Конверт ішінде **«Өзін-өзі жетілдіру»**

Келесі станцияның атауын жасыру:

«Көп ойынның астарында терең мән бар» нақыл сөзін пазл ретінде жинату.
(қатысушылар станция атауын тауып, келесі станцияның тапсырмаларын орындауға өтеді)

4 – «Ғажайып ойындар» станциясы

(Өткізетін Ельжанова Умит Каирғалиевна)

1. «Ғажайып доп»
2. «Ерекше есім»
3. «Қызыл балық»

Конверт ішінде **«Жақсы ой мен Оң көзқарас»**

Қорытынды

«ЖЕТІСТІК БАСПАЛДАҒЫ»

Ал енді біз сендермен квест барысында жинаған конверттерді алып, Жетістік баспалдағын жасайық. Ол үшін баспалдақтың баспалдақтарына сөздерді кез келген мақсатқа жетудегі маңызына сәйкес орналастыру керек.

Анықтамалық сөздер (конверттерден):

Мақсат - Әр адам жетістікке жете алады, оны жүзеге асыру үшін саналы ниет, мақсат және жоспар болуы керек ; (Светлана Халеновна) **«Шыдамдылық және еңбек»** - Табыстың кілті - шыдамдылық және еңбек. Жұмыс – барлық табысты адамдардың табысының сыры. Мақсатыңызды жүзеге асыруға жауапкершілікпен қарап, тынымсыз еңбектену керек. Олардың ешқайсысы диванда жатып жетістікке жете алмады. «Болашақ аянбай еңбек етіп, өз табысына сенетіндердің қолында!» (Ботагөз Аманжоловна)

«Өзін-өзі жетілдіру» - әр адам өз өмірінің авторы, жеңістер өзін жеңуден, өзін-өзі жетілдіріп, білім алудан басталады. (Айгуль Калиматовна)

«Жақсы ой мен Оң көзқарас» - Сіздің санаңызда жақсы, дұрыс ойларды тәрбиелеу өте маңызды. Өзіңізге мақсат қойып, өміріңізді алдын ала жоспарлаңыз. Өзіңізге жиі «Мен оны істей аламын. Менің қолымнан келеді»деп айтыңыз. Санамызға қандай ой ұялатамыз, сол ой жемісін береді. Әрдайым таңды күлімсіреп, позитивті аффирмациялармен бастаңыз. (Умит Каирғалиевна)

- Құрметті әріптестер, бүгінгі «Ұстазбын – үлгі болар басқаларға» әдістемелік квест ойнымыз әдістемелік құзыреттіліктеріңізді арттырып, кәсіби шеберлікке жақындата түсті. Алдымызға мақсат қойғанда өміріміз көп өзгереді. Мақсатпен өмір сүру дегеніміз - өзіңіз жақсы көретін, жақсы болатын және сіз үшін маңызды деп санайтын нәрсені жасау. Ал сіздерге үлгі болып, өз тәжірибелерімен бөліскен Үздік ұстаздарға рахмет айтайық!

«Үздік педагог» -тер төмендегі өлең шумақтарын айтады:

Ұстаздай еңбек етер сірә, кімдер?

Балабақшам мәңгілікке тұрағым дер. (Айгуль Калиматовна)

Әлемнің көзін ашқан еңбектеніп,

Білімі басты қару мұғалімдер. (Ботагөз Аманжоловна)

Ұстаздық жарты бақыт, жарты белес.

Алды тәлім балаға, арты кеңес. (Светлана Халеновна)

Көп саланың бірі деу жеткіліксіз,

Жетістіктің шыңы деу артық емес. (Умит Каирғалиевна)

Арман қу, жақсы ойла аспан алда.

Болуға тырысайық жастан алға.

Барлығы бастау алар ұстаздықтан,

Үлгіміз-біз ұстаздар басқаларға. (барлық Үздік педагогтер бірге айтады)

Кері байланыс «Ашық микрофон»

Құрметті әріптестер!

Сұрақтарға жауап беріңіз:

* Тапсырмаларды орындау кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?

* Квест өткізудегі жағымды және жағымсыз жақтарды айтыңыз.

* Жана білім алу тұрғысынан сіз үшін квесттің тиімділік дәрежесін бағалаңыз.

«Достық» флешмобы

«Бастамадан – нәтижеге дейін»

pitch сессиясына қатысу талаптары

Питч (pitch) - бұл жобаның тұсаукесері.

Мақсаты: мүдделі тараптарды жобаңыздың сәттілігіне, идеяңыздың тиімділігіне, технологияңыздың өзектілігіне сендіру.

Жобаны презентациялау форматы әртүрлі болуы мүмкін:

- презентация;
- бейнеролик;
- шеберлік сынып;
- тәжірибе алаңы;
- ойын;
- квест т.б.

Жоба презентациясын ұсыну уақыты 10-15 минут.

1. Жоба туралы (үлестірмелі) буклет жасалу керек (жобаның атауы, сипаттамасы, мақсаты, жоба қалай құрылды (кезеңдері, қолданылған ресурстар (әдебиет, технологиялар т.б.), жобаның нәтижелері және т.б.)

2. Жобаны таныстыру барысында:

- жобаның атауы;
- іске асыру жолдары;
- жоба өзектілігі, тиімділігі;
- жоба нәтижесі айтылады.

3. Pitch сессия қатысушылары іс-тәжірибелерді келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- таңдаған тақырыбының ашылуы;
- жобаның бала үшін маңыздылығы, жасына сәйкестігі;
- жоба тиімділігі;
- жобаны ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі, жүйелілігі;
- эстетикалық деңгейі.

«Бастамадан – нәтижеге дейін» pitch сессиясының БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін күні: 3 мамыр 2023 жыл

Өтетін уақыты: сағ. 09.00 – 13.00

Өтетін орны: БҚО Орал қаласы, көшесі, № «» бөбекжайы МКҚК
Қатысушылар санаты: аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінің әдіскерлері, интеллектуалдық дамыту зертханасының педагогтері

Pitch сессияның мақсаты: «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту зертханасы жобасы аясындағы эксперимент алаңдарының тәжірибе алмасуы, педагог қызметкерлердің кәсіби құзіреттіліктерін көтеру мен біліктілітерін арттыру.

09.00-09.15	Pitch сессиясы жұмысына қатысушыларды тіркеу
09.15-09.30	Семинарының ашылуы Алғы сөз З.А.Габбасова, БҚО Білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта білімді дамыту бөлімінің маманы Бүлдіршіндердің сәлемдемесі
ШЕБЕРЛІК СЫНЫПТАР ПАНОРАМАСЫ	
1 тәжірибелік алаңы – «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы»	
09.30-09.45	«Мен және менің үнім» (ата-ана, бала, тәрбиеші біріккен іс-әрекет) Орал қаласы «LauRus» жеке бөбекжайы
09.45-10.00	«Алтын ұрпақ» Бөрлі ауданы №9 «Наурыз» бөбекжайы
10.00-10.15	«Ұлт құндылығы – ұлт қазынасы»

	Орал қаласы №29 «Балауса» бөбекжайы
10.15-10.30	«Бала тәрбиесі – асыл қазына» Бәйтерек ауданы «Жұлдыз-ай» бөбекжайы
10.30-10.45	«Ұлағатты ұрпақ» Шыңғырлау ауданы «Болашақ» бөбекжайы
10.45-11.00	«Ұлттық ойындар–ұлтымыздың құнды мұрасы» Орал қаласы №43 «Өркен» бөбекжайы
11.00-11.15	«Ұлттық ойын-тәрбие бастауы» Орал қаласы «Айлин-3» жеке бөбекжайы
11.15-11.30	«Сыны кетпеген сыр сандық» Бөрлі ауданы №10 «Алтын бесік» бөбекжайы
11.30-11.45	«Асық ойынаған озар ...» Орал қаласы №19 «Золотой петушок» бөбекжайы
2 тәжірибелік алаңы – Мектеп жасына дейінгі баланың дамуындағы жетекші қызмет түрі - ойын»	
09.30-09.45	«Кішкентай сиқыршылар» Ақжайық ауданы «Ақбота» бөбекжайының
09.45-10.00	«Ойын әлемі» Бәйтерек ауданы «Бөбек» бөбекжайы
10.00-10.15	«LEGO әлемі» Казталов ауданы «Шаттық» бөбекжайы
10.15-10.30	«Ойнайық та,ойлайық» Бөкейордасы ауданы «ЕрТөстік» бөбекжайының
10.30-10.45	«Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту» Сырым ауданы «Айналайын» бөбекжай-бақшасы
10.45-11.00	«Жас техниктер» LEGO шеберханасы Орал қаласы №38 «Жазира» бөбекжайы
11.00-11.15	«Сиқырлы саусақтар» Орал қаласы «Карина» жеке бөбекжайы
11.15-11.30	«Ғажайып логика әлемі» Теректі ауданы «Айгөлек» бөбекжайы
11.30-11.45	«LEGO EDUCATION - еркін ойын бала мүмкіндіктерін ашады» Орал қаласы №9 «Еркемай» бөбекжайы
11.45-12.00	«Мнемотехника әдісі арқылы баланы жан-жақты дамыту» Орал қаласы №28 «Қарлығаш» бөбекжайы
3 тәжірибелік алаңы – «Табысқа жету жолы: шығармашылық қызметті дамыту»	
09.30-09.45	«Маған бәрі қызық»

	Қаратөбе ауданы «Балдырған» бөбекжайы
09.45-10.00	«Fantasy» шығармашылық шеберханасы Тасқала ауданы «Ақбөпе» бөбекжайы
10.00-10.15	«Ертегілер әлемінде» Орал қаласы «Күншуақ» жеке бөбекжайы
10.15-10.30	«Мен және қоршаған әлем қызықтары» Шыңғырлау ауданы «Бөбек» бөбекжайы
10.30-10.45	«Педагогикадағы Арт - терапия» Орал қаласы №1 «Айгөлек» бөбекжайы
10.45-11.00	«Ертегі сыр шертеді» Орал қаласы «Жәңгір хан» жеке бөбекжайы
11.00-11.15	«Сиқырлы құм әлемі» Жаңақала ауданы «Айгөлек» бөбекжайы
11.15-11.30	«Шұғыла LIFE» «Шығармашылық әлеміне қанат қаққан балғындар» Қаратөбе ауданы «Жазира» бөбекжайы
11.30-11.45	«Ғажайып алаң» Казталов ауданы «Ертегі» бөбекжайы
11.45-12.00	«Театр- балалар өмірінде» Бөкейордасы ауданы «Салтанат» бөбекжайы
12.00-12.15	«Фелтинг технологиясы балалар әлемінде» Орал қаласы №5 «Сауле» бөбекжайы
4 тәжірибелік алаңы – «Педагогикалық технологиялардың бірі – денсаулық сақтау технологиялары»	
09.30-09.50	«Шынығу денсаулық кепілі» Орал қаласы №3 «Елочка» бөбекжайы
09.50-10.10	«Денсаулық терапиясы» Теректі ауданы «Өркен» бөбекжайы
10.10-10.30	«Бөбекжайдағы кіші туризм» Орал қаласы №22«Колобок» бөбекжай
10.30-10.50	«Дені сау ұрпақ- ұлт болашағы» Орал қаласы №25«Снежинка» бөбекжай
10.50-11.10	«Бөбекжайдағы туризм» Жәнібек ауданы «Алтын ұя» бөбекжайы
10.10-11.30	«Бақытты балалық шақ денсаулықтан басталмақ» Орал қаласы №42 «Ақниет» бөбекжайы
11.30-11.50	«Саламатты балапан» Орал қаласы №49 «Ақниет» бөбекжайы

**5 тәжірибелік алаңы –
«Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі»**

09.30-09.45	«Жас экологтар» Бөрлі ауданы №8 «Өркен» бөбекжайы
09.45-10.00	«Этноэкология» Орал қаласы №45 «Нұрсәт» бөбекжайы
10.00-10.15	«Зияткер ұрпақ – жарқын болашақ» Тасқала ауданы «Бөбек» бөбекжайы
10.15-10.30	«Мен табиғаттағының бәріне жауаптымын» Ақжайық ауданы «Балғын шақ» бөбекжайы»
10.30-10.45	«Экспериментариум» қызықты ғылымдар орталығы Орал қаласы №47 «Бәйтерек» бөбекжайы
10.45-11.00	«Балабақшадағы экологиялық тәрбие» Жаңақала ауданы «Жаңақала аудандық балалар бөбекжайы»
11.00-11.15	«Экологиялық соқпақ» Орал қаласы №48 «Мұрагер» бөбекжайы
11.15-11.30	«Табиғат зерттеушілері» Шыңғырлау ауданы «Айгөлек» бөбекжайы
11.30-11.45	«Жер - біздің ортақ үйіміз» Орал қаласы №50 «Заңғар» бөбекжайы
11.45-12.00	«Қызықты география» Бөрлі ауданы №2 бөбекжайы
Қорытынды бөлім	
12.15-13.00	Кері байланыс. Сұрақ-жауап. Пікір алмасу. Сертификат табыстау. Қорытынды шығару.

«Бастамадан – нәтижеге дейін»
pitch сессиясының бағалау парағының үлгісі

**1 тәжірибелік алаңы –
«Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы»**

№	Жоба атауы	Бағалау критерийлері				
		таңдаған тақырыбының	жобаның бала үшін маңыздылығы, жасына сәйкестігі	жоба тиімділігі	жобаны ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі, жүйелілігі	эстетикалық деңгейі
1						

«ACTUALIS: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ»
тақырыбындағы әдістемелік керуеннің бағдарламасы

Мақсаты: «Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасын іске асыру аясындағы Ақтөбе облысының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерімен тәжірибе алмасу алаңын құру.

Уақыты: 27 - 28 ақпан 2025 жыл

Өтетін орны: Орал қаласының мектепке дейінгі ұйымдары

Қатысушылар санаты: Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының әдістемелік орталықтары мен білім беру бөлімдерінің мамандары, (мемлекеттік, жеке) мектепке дейінгі ұйымдарының меңгерушілері, әдіскерлері, педагогтері.

Ұйымдастырушылар:

Кудашева Даурия Тулегенқызы – БҚО әдістемелік орталығының әдіскері;

Сиражева Светлана Халенқызы – БҚО әдістемелік орталығының әдіскері;

Адиева Жанар Самиғоллақызы – Орал қаласы білім беру бөлімінің әдіскері.

Уақыты	Мазмұны	
27 ақпан 2025 жыл		
Орал қаласы №47 «Бәйтерек» бөбекжайы		
09.00 -	Қатысушыларды қарсы алу	
09.30-11.30	«Біз өнерлі балдырған» бүлдіршіндердің сазды сәлемдемесі	
	«Welcome to ceremony» әдістемелік керуеннің ашылуы	Батырғалиева Луара Қайрекенқызы , БҚО Білім басқармасы басшысының орынбасары Кубашева Гульмира Камаловна , БҚОӘ ББ Батыс Қазақстан облысының әдістемелік орталығының директоры
	«Networking in preschool organization» (МдҰ арасындағы желілік қауымдастық)	Адиева Жанар Самиғоллақызы , Орал қаласы білім беру бөлімінің әдіскері
	«Мектепке дейінгі тәрбие – бүгін мен болашағы» рум-тур	Еришова Эльмира Айдынғалиевна , Орал қаласы №47 «Бәйтерек» бөбекжайының меңгерушісі
11.30-17.00	Орал қаласы мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибе алмасуы	

1 топ	<p align="center">«Өрлеу» желілік қауымдастығы Жетекшісі: Айткалиева Асем Мақсотқызы, Орал қаласы №37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайының меңгерушісі</p> <p align="center">«Арман» желілік қауымдастығы Жетекшісі: Аянғалиева Қарылға Сағынғалиқызы, Орал қаласы №27 «Жігер» бөбекжайының меңгерушісі</p>
	<p>Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық қалыптасу әрекеттері» Ниярова Нұрслу Мәдениетқызы, Орал қаласы №44 «Мерей» бөбекжайының меңгерушісі; Мухатова Айнагул Нұрлыбайқызы, Орал қаласы №34 «Балбұлақ» бөбекжайының меңгерушісі; Ихсанова Дария Хакимқызы, Орал қаласы №21 «Алпамыс» бөбекжайының меңгерушісі; Тлеккабулова Гүлжан Ғалымжанқызы, Орал қаласы №3 «Зерде» бөбекжайының меңгерушісі. <i>(Облыстық «Бәрін білгім келеді» интеллектуалдық дамыту Зертханасы аясындағы «Интеллектум балабақша», «Денсаулық әліппесі», «Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде дәріптеу», «Танып, біліп, дамимыз», тақырыптарында тәжірибе алаңдарының жұмысы, «Ақылды роботтар әлемі: ойнап үйренеміз» жобасы, «Шахмат әлемі», «Космос және біз», «Зерек құрылысшы», «Art Studio», «Эко жасыл әлем» орталықтары, «Бейнелеу өнері әлемі», «Ертегілер елінде», «Қуыршақтар сөйлейді», «Асықтармен ойын», «Құм қалашығы», «Бірге ойнаймыз» бейнелеу, ертегі, қуыршақ, асық, құм, ойын терапиялары, «Эко-time» экологиялық жоба жұмыстары)</i></p>
2 топ	<p align="center">«Парасат» желілік қауымдастығы Жетекшісі: Кулдашева Нұрлыгүл Сағиқызы, Орал қаласы №41 «Ақ тілек» бөбекжайының меңгерушісі</p> <p align="center">«Бастау» желілік қауымдастығы Жетекшісі: Қуанғалиева Рысты Сапарғалиқызы, Орал қаласы №46 «Ақжайық» бөбекжайының меңгерушісі</p>

	<p>Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда білім берудің жаңа парадигмасы» Каженова Насипханым Ғаниматқызы, Орал қаласы №45 «Нұрсәт» бөбекжайының меңгерушісі; Тихонов Сергей Анатольевич, «Наyat+» ЖШС құрылтайшысы; Сагингалиева Шакиза Аманқызы, «Наyat+» жеке бөбекжайының меңгерушісі; Мендыгазиева Эльмира Құспанқызы, «Мендыгазиева» ЖК құрылтайшысы; Шевр Надежда Викторовна, «Айлин1» жеке бөбекжайының әдіскері <i>(«Ой ұшқырлығы» көрмесі, Stem инновациялық білім беру технологиясы, «EDUPRO» кәсіби өсу мектебі, инклюзивті білім беру, «Fairy tale workshop», «Фелтинг технологиясы балалар әлемінде», «Kinder_toys ойын арқылы дамыту», «Ертегі әлеміндегі 3D» шеберлік сыныптары, жүзу бассейні, тұзды шахта, Томатис терапиясы кабинетінің жұмысы)</i></p>
3 топ	<p>«Бірлік» желілік қауымдастығы Жетекшісі: Буентаева Меңсұлу Әбілғазықызы, Орал қаласы №13 «Зейін» бөбекжайының меңгерушісі «Арай» желілік қауымдастығы Жетекшісі: Убишева Айжан Сұлтанқызы, Орал қаласы №9 «Еркемай» бөбекжайының меңгерушісі</p>
	<p>Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ойын технологиясын қолданудың маңыздылығы» Кенжегарина Айнұр Сарсенбайқызы, Орал қаласы №7 «Айналайын» бөбекжайының меңгерушісі; Тулешева Майнер Тілекқызы, Орал қаласы №8 «Арай» бөбекжайының меңгерушісі, <i>(«Ұлттық ойындар», «Дамытушы ойындар» көрмесі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыстары, «Ұлттық дәстүр балабақшада» жобасы, «Жыл мезгілдері», «Су патшалығы», «Ертегілер әлемі», «Ұлттық құндылықтар» дәлізі, «Сенсорлық бөлме», «Ұлттық ойындар» кабинеттеріне рум-тур)</i></p>
28 ақпан 2025 жыл	
09.30-13.00	<p>Ақтөбе облысы мен Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының тәжірибелерімен бөлісу семинар-практикумдері</p>

1 топ	Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық технологияларды тәжірибеге енгізу жолдары» Өтетін орны: Орал қаласы №37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайы	
2 топ	Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беру мазмұны: жаңашылдықтар мен дәстүрлер үйлесімі» Өтетін орны: Орал қаласы №46 «Ақжайық» бөбекжайы	
3 топ	Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудағы трендтер» Өтетін орны: Орал қаласы №50 «Заңғар» бөбекжайы	
13.00-14.30	Түскі үзіліс	
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту: үрдістері, мәселелері, келешегі» тақырыбында дөңгелек үстел		
Орал қаласы №48 «Мұрагер» бөбекжайы		
14.30-15.30	«Балабақша - бақытты балалық мекені!» Катысушыларды қарсы алу	
	«Құзыреттілік орталығы: тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттырудың тиімді жолы» бөбекжай жұмысымен таныстыру	Сабирова Шолпан Шамұратқызы , Орал қаласы №48 «Мұрагер» бөбекжайының меңгерушісі
15.30-15.45	«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын сапалы жаңартудың қадамдары»	Кудашева Даурия Төлегенқызы, Сиражева Светлана Халенқызы , БҚО әдістемелік орталығының әдіскерлері
15.45-16.00	«Ақтөбе облысының мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуы және жетістіктері»	Искендірова Аяш Абдимаханқызы , Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.м.
16.00-16.15	«Болашақ тәрбиешінің тұлғалық және кәсіби қасиеттері»	Төрежанқызы Жанар , Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие» бөлімінің арнайы пән оқытушысы
Фасилитация алаңы		
16.15-17.00	«FEEDBACK» Кері байланыс, ұсыныстар қабылдау	
	Әдістемелік керуенді қорытындылау. Марапаттау рәсімі.	

Ақтөбе облысы мен Орал қаласы мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибе бөлісу семинар-практикумы

<p align="center">1 топ - Орал қаласы №37 «Жұлдыз-ай» бөбекжайы</p> <p>Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық технологияларды тәжірибеге енгізу жолдары»</p> <p>Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы білім беру сапасын арттыру, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын қарастыру.</p> <p>Өтетін уақыты: 09.00 - 14.00</p>	
